ПІСІРУ	• Пісіру уақыты әдепкі — 1 сағат. • Кері санауды бастау үшін «ҚОСУ/СТАРТ» түймесін басып тұрып басыңыз. • Процесс аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал 5 рет қайталанады және құрылғы автоматты түрде қыздыру режиміне өтеді. • ***Ескертпе***: температураны бақылау температурасы 130 °C құрайды.	Реттелетін уақыт: 30 мин. - 3,5 сағ. Қадам 10 мин.	**Иә** **24 сағат**

ҚЫЗДЫРУ	• Өнімдерді ыдысқа салыңыз (осы Нұсқаулықтың «Дайындау/«Менің рецептім Plus» бөліміндегі процестің сипаттамасын қараңыз). • Пісіру уақыты әдепкі бойынша 20 минут. • Уақытты баптау үшін «+/-» пернелерін пайдаланыңыз. Таңдауды аяқтағаннан кейін, бағдарламаны іске қосу үшін "ҚОСУ/СТАРТ" пернесін басып тұрып басыңыз. Процесс аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал 5 рет қайталанады және құрылғы автоматты түрде жылуды ұстап тұру режиміне өтеді. **Ескертпе**: температурасы 105 °C құрайды.	Реттелетін уақыт: 10 мин - 1 сағ, Қадам 5 мин	**Иә** **24 сағат**
СҮТ БОТҚАСЫ	• Пісіру уақыты әдепкі бойынша 1 сағат. Уақытты баптау үшін «+/-» пернелерін пайдаланыңыз. • Таңдау аяқталғаннан кейін берілген температураға жету және кері санауды бастау үшін «ҚОСУ/СТАРТ» түймесін басып тұрыңыз. • Құрылғы аяқталғаннан кейін 5 дыбыстық сигнал шығарады. **Ескертпе**: Сәл қайнағаннан кейін температура 95°C деңгейінде қалады.	Реттелетін уақыт: 10 минуттан 1.5 сағатқа дейін, Қадам 5 мин	**Иә** **24 сағат**
SOUS-VIDE	• Өнімдерді вакуум-пакетке салып, вакуум-аппаратпен ауаны сорып алып, ыдысқа салыңыз. • Пісіру уақыты әдепкі бойынша 8 сағат. • Уақытты баптау үшін «+/-» пернелерін пайдаланыңыз. • Таңдауды аяқтағаннан кейін, бағдарламаны іске қосу үшін "ҚОСУ/СТАРТ" пернесін басып тұрып басыңыз. • Аяқталғаннан кейін құрылғы 5 дыбыстық сигнал шығарады және автоматты түрде күту режиміне ауысады. **Ескертпелер**: Температураны бақылауды 55°C-қа бағдарламалаңыз; берілген температураға жеткеннен кейін кері санақ басталады; дыбыстық сигнал 10 рет естіледі. Реттелетін температура диапазоны: 48-85°C, қадам 1 °C. 75°C-ден жоғары температурада аспап жылуды ұстап тұру режиміне көшеді.	Реттелетін уақыт: 2 ч – 16 сағ. 2 сағ - 3 сағ - қадам 5 мин 3 ч – 16 ч - қадам 10 мин	**Иә** **24 сағат**
БҰҚТЫРУ	• Пісіру уақыты әдепкі бойынша 5 сағат. • Уақытты баптау үшін «+/-» түймелерін пайдаланыңыз. • Таңдау аяқталғаннан кейін «ҚОСУ/СТАРТ» түймесін басып тұрып, бағдарламаны іске қосыңыз. Процесс аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал 5 рет қайталанады және құрылғы автоматты түрде жылуды ұстап тұру режиміне өтеді. **Ескертпе**: бірінші сағатта 45°C, екінші сағатта - 65°C, үшінші сағатта - 85°C, төртінші сағатта және одан әрі - 95°C температура ұсталады.	Реттелетін уақыт: 1 сағ-8 сағ, Қадам 10 мин	**Иә** **24 сағат**

НАН	Пісіру уақыты әдепкі бойынша 3 сағат. Уақытты баптау үшін «+/-» пернелерін пайдаланыңыз. Таңдауды аяқтағаннан кейін, бағдарламаны іске қосу үшін "ҚОСУ/СТАРТ" пернесін басып тұрып басыңыз. Дайындау аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал 5 рет қайталанады және құрылғы автоматты түрде қыздыру режиміне өтеді. Ескертпе: бірінші секциядағы температура 45°C деңгейінде (алғашқы 2 сағат), ал екінші секциядағы температура 130°C деңгейінде (келесі 1 сағат) ұсталады.	Бірінші уақыт кесіндісі — 2 сағат реттелетін уақыт: 30 минуттан 2 сағат 30 минутқа дейін қадам 5 минут; екінші уақыт кесіндісі — 1 сағат реттелетін уақыт: 30 минуттан 2 сағатқа дейін қадам 5 минут	**Иә 24 сағат**
БҰРШАҚ / НОҚАТ	Пісіру уақыты әдепкі бойынша 1 сағат. Уақытты баптау үшін «+/-» түймелерін пайдаланыңыз. Таңдау аяқталғаннан кейін «ҚОСУ/СТАРТ» түймесін басып тұрып, бағдарламаны іске қосыңыз. Процесс аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал 5 рет қайталанады және құрылғы автоматты түрде қыздыру режиміне өтеді. Ескертпе: температураны бақылау температурасы 93 °C құрайды.	Реттелетін уақыт: 1 сағ - 4 сағ Қадам 10 мин	**Иә 24 сағат**
ПАСТА	"Паста" автобағдарламасын басыңыз. Пісіру уақыты әдепкі бойынша 8 минут. Уақытты баптау үшін «+/-» түймелерін пайдаланыңыз. Таңдау аяқталғаннан кейін берілген температураға жету және кері санауды бастау үшін «ҚОСУ/СТАРТ» түймесін басып тұрыңыз. Процесс аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал 5 рет қайталанады және құрылғы автоматты түрде қыздыру режиміне өтеді. Ескертпе: құрылғының температурасы 98°C-қа дейін көтерілгеннен кейін кері санақ басталады және 10 дыбыстық сигнал естіледі.	Реттелетін уақыт: 5–20 минут, Қадам 1 минут	**Иә 24 сағат**
ФРИТЮР	Пісіру уақыты әдепкі бойынша - 5 минут. Уақытты баптау үшін «+/-» түймелерін пайдаланыңыз. Температураны реттеу үшін "Температура" түймесін басыңыз. Әдепкі бойынша температура 170°C. Реттеу диапазоны 150-170°C құрайды. Баптау қадамы - 10°C. Бағдарламаны іске қосу үшін «ҚОСУ/СТАРТ» түймесін басып, ұстапр тұрыңыз. Дыбыстық сигнал 10 рет қайталанып, кері санауды бастайды. Жұмыс аяқталғаннан кейін құрылғы 5 дыбыстық сигналдан кейін автоматты түрде қыздыру режиміне ауысады. Кері санау берілген температураға жеткеннен кейін басталады және 10 дыбыстық сигнал естіледі.	Реттелетін уақыт: 3–15 минут, Қадам 1 минут	**Иә 24 сағат**

ЧИЗКЕЙК	Пісіру уақыты әдепкі — 1 сағат. *«ҚОСУ/СТАРТ»* түймесін басып, ұстап тұрып, бағдарламаны іске қосыңыз. Процесс аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал 5 рет қайталанады және құрылғы автоматты түрде күту режиміне ауысады. **Ескертпе**: температураны бақылау температурасы 120°C құрайды.	Реттелетін уақыт: 40 мин - 1 сағ 30 мин, қадам 10 минут	**Иә** **24 сағат**
ТӘЗДЫҚ	Пісіру уақыты әдепкі бойынша 30 минут. «ҚОСУ/СТАРТ» түймесін басып, ұстап тұрып, бағдарламаны іске қосыңыз. Процесс аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал 5 рет қайталанады және құрылғы автоматты түрде күту режиміне ауысады. **Ескертпе**: температураны бақылау температурасы 93°C құрайды.	Реттелетін уақыт: 10 мин - 1 сағ Қадам 5 мин	**Иә** **24 сағат**
ЙОГУРТ	Пісіру уақыты әдепкі бойынша 8 сағат. Уақытты баптау үшін «+/-» пернелерін пайдаланыңыз. Таңдауды аяқтағаннан кейін, бағдарламаны іске қосу үшін "ҚОСУ/СТАРТ" пернесін басыңыз. Процесс аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал 5 рет қайталанады және құрылғы автоматты түрде күту режиміне ауысады. **Ескертпе**: температурасы 38-42°C құрайды. Жарықтандырудың жартылай жарық беретінін ескеріңіз.	Реттелетін уақыт: 4 сағ - 12 сағ Қадам 30 мин	**Иә** **24 сағат**
БҰҚТЫРУ	Пісіру уақыты әдепкі бойынша 2 сағат. Уақытты баптау үшін «+/-» пернелерін пайдаланыңыз. Таңдауды аяқтағаннан кейін, бағдарламаны іске қосу үшін "ҚОСУ/СТАРТ" пернесін басып тұрып басыңыз. Процесс аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал 5 рет қайталанады және құрылғы автоматты түрде қыздыру режиміне өтеді. **Ескертпе**: температура 93°C құрайды.	Реттелетін уақыт: 30 минуттан 8 сағатқа дейін, қадам 30 мин	**Иә** **24 сағат**



Температураны қолмен баптау мүмкіндігі бар бағдарламаларда пайдаланушы қажетті температураны қолмен орнатады, бұл ретте тағамның дайындығы дайындау температурасы мен уақытын дұрыс таңдауға тікелей байланысты болады.

Автоматты бағдарламалардың температуралық параметрлері анықтама үшін көрсетілген, оларды дайындау процесінде өзгерту пайдаланушының қатысуынсыз автоматты түрде жүреді.

Бұл ретте, бағдарлама жұмысының әртүрлі сәттерінде (тостағанның құрамына байланысты) температура анықтамалық мәннен ерекшеленуі мүмкін, ол орнату мәні болып табылады.

Мысалы: белгіленген температурада 115 °C және өлшеу кезінде тостағандағы сұйықтық болғанда, тостағандағы температура 100 °C мәнінен (судың қайнау нүктесі) аспайды, бұл ретте тостағандағы судың қайнауы қарқынды болады. Бұл ретте температураның орнатылған және нақты мәндері арасындағы айырма аспап ақаулығының белгісі болып табылмайды.

Егер бағдарлама пісіруге (сумен жұмыс істеу) есептелген болса, онда тостағандағы су қайнап біткенде немесе болмағанда бағдарлама автоматты түрде тоқтатылады, өйткені тостаған түбінің температурасы осы бағдарламаға арналған қауіпсіздік шегінің мәнінен асып кетеді. Бағдарламаның сусыз тоқтатылуы қорғаныс жүйесінің қалыпты реакциясы болып табылады.

Өлшеулерді жүргізгенде мыналарды есепке алу керек:

- Температураны өлшеу нүктесі аспапқа орнатылған тостаған түбінің оратасында орналасады, өлшеу аспаптың жабық қақпағында бекітілген датчикпен (терможұппен) жүргізіледі.
- Мәнді дұрыс бағалау үшін өлшеуді бағдарламаны өтудің бүкіл уақыты ішінде өлшеулер арасында 30 сек. уақыт аралығымен жүргізу керек.
- Алынған мәндердің негізінде температуралық-уақыттық тәуелділіктің диаграммасы құрастырылады, температура салыстырмалы өзгермейтін максималды және минималды мәндерде кезеңдікпен өзгеретін орны (белгілі температураны ұстау орны) анықталады
- Температураның анықтамалық мәні белгілі температураны ұстау орнындағы минималды және максималды мәндер арасында орналасатын болады.

Өлшеген кезде автоматты бағдарламалардың ерекшеліктерін ескеру керек:

- Егер бағдарлама сұйықтықпен (сумен) жұмыс істеуге есептелген болса, онда өлшеген кезде ыдысқа 1 л су құю керек.
- Егер бағдарлама сусыз жұмыс істеуге есептелген болса, өлшеулерді бос тостағанмен жүргізу керек.

Тостағанда азық-түлік бар болғанда өлшенген мәндер анықтамалықтардан өнімдер құрамындағы сұйықтықтың (судың) әртүрлі мөлшеріне байланысты болуы мүмкін, сұйықтықтың қайнауы физика заңдарына сәйкес өлшеу нүктесінде температураға 100 ºС-ден артық жоғарлауға мүмкіндік бермейді.

Нақты бапталған мәндерге жақын мәндерді алу үшін қайнау температурасы берілген анықтамалық мәннен асатын (мысалы, өсімдік майы), салмағы өнім салмағына баламалы сұйықтықты пайдалану керек.

WIFI ҚОСЫЛУЫН БАПТАУ

Мобильді құрылғыңызға (**IOS** немесе **Android** платформасында жұмыс істейтін смартфонға немесе планшетке) мобильді құрылғы түріне байланысты **App Store, Google Play, App Galery, RuStore** арқылы жүктеп алуға болатын "POLARIS IQ HOME" тегін мобильді қолданбасын жүктеп, орнатыңыз.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қосуды баптар алында Сіздің телефоныңыз үйдегі бар WIFI желісіне қосылғанына көз жеткузіді сұраймыз.

Үйдегі WIFI желісі болмаған жағдайда, үй желісін құру (роутерді орнату және интернетті қосу) үшін, мамандырылған компанияға жүгініңіз. Үйдегі желінің роутері 2,4 ГГц жиілікте жұмыс істеу керек, **желі режимі 802.11 b/g/n орнатылған болуы керек**.


IOS және Android операциялық жүйелері бар телефондар үшін

Жаңа құрылғыны конфигурациялау


- "POLARIS IQ HOME" қолданбасын ашыңыз, "Барлық құрылғылар" тізімінен PMC-0515 құралын таңдаңыз.
- «Жалғастыру» түймесін басыңыз, пайда болған терезеде смартфонға WIFI (PMC-0515) желісіне қосылуға рұқсат етіңіз.
    a) Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйістіруді сұрайтын болады:
    b) Құрылғыны қосыңыз. 1 сигналға дейін «+» және «-» түймелерін бір уақытта басып тұрыңыз. Растау ретінде WiFi индикаторы жыпылықтай бастайды.
- Содан кейін қолданбасында «Жалғастыру» түймесін басыңыз.
- Аспапты баптағыңыз келген WiFi желісінің атауы мен құпиясөзін көрсетіңіз және «Қосу» басыңыз.




«POLARIS IQ HOME» қолданбасын ашыңыз.



Тізімнен PMC-0515 құралын таңдаңыз




Қосымшада WIFI PMC-0515 желісіне қосылуға сұраныс пайда болады




Аспапты қосыңыз



«+» және «-» түймелерін бір мезгілде басып тұрыңыз



Қолданбада «Жалғастыру» түймесін басыңыз




Құрылғыны баптағыңыз келген WiFi желісінің атауы мен құпиясөзін көрсетіңіз және «Қосу» басыңыз


Бұрын конфигурацияланған құрылғыны түйістіру

- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз.
- «Сіздің жаныңызда» тізімінде PMC-0515 құрылғысын таңдаңыз (Егер құрылғы желіде болмаса - мобильді құрылғының құрылғы конфигурацияланған WIFI желісіне қосылғанына көз жеткізіңіз).
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:

1. Құрылғыны қосыңыз. «+» және «-» түймелерін бір мезгілде басып, 1 сигналға дейін ұстап тұрыңыз. Растау ретінде WiFi индикаторы жыпылықтай бастайды.
2. Содан кейін қолданбада «Жалғастыру» түймесін басыңыз




«Үй» экраны: «Аспапты қосу» түймесін басыңыз.



«Сіздің жаныңызда» тізімінен аспапты таңдаңыз



«+» және «-» түймелерін бір мезгілде басып, 1 сигналға дейін ұстап тұрыңыз.




Қолданбада «Жалғастыру» түймесін басыңыз


Ескертпе ретінде!
Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық, бұйым мен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді. **Осыған байланысты Сіз экранда көріп тұрғаныңыз осы Нұсқаулықта жазылғанынан ерекшеленуі мүмкін.**

Құрылғыны басқа WiFi желісіне қайта конфигурациялау (диагностикалау режимі)


- Құрылғыны қосыңыз. Қосарланған дыбыс сигналына дейін «+» және «-» түймелерін бір мезгілде басып тұрыңыз.
- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз.
- Барлық құрылғылар тізімінен PMC-0515 құралын таңдаңыз.
- «Жалғастыру» басыңыз
- Қосымшада WIFI PMC-0515 желісіне қосылуға сұраныс пайда болады «Қосу» түймесін басыңыз
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйістіруді сұрайтын болады:
    1. Құрылғыны қосыңыз. Қосарланған дыбыс сигналына дейін «+» және «-» түймелерін бір мезгілде басып тұрыңыз. Растау ретінде WiFi индикаторы жыпылықтай бастайды.
    2. Содан кейін қолданбада «Жалғастыру» түймесін басыңыз
- Ашылған экранда қалаған әрекетті таңдаңыз: «Конфигурацияны қалдыру және жалғастыру» - мұндай жағдайда аспап ағымдағы WIFI желісіне конфигурацияланған күйде қалады, бірақ Сіздің телефоныңыз оны ғаламтор желісі арқылы басқара алады, немесе «аспапты қайта конфигурациялау» - мұндай жағдайда Сізге аспапты жаңа WIFI желісіне конфигурациялау ұсынылатын болады.
- Егер Сіз «құрылғыны қайта конфигурациялауды» таңдаған болсаңыз: құрылғыны баптағыңыз келетін WIFI желісінің атауы мен құпиясөзін енгізіп, «Қосу» түймесін басыңыз.
- Конфигурация рәсімі аяқталғанын күтіңіз.




Аспапты қосыңыз




«+» және «-» түймелерін бір мезгілде басып тұрыңыз



«Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» түймесін басыңыз




Тізімнен PMC-0515 құралын таңдаңыз



Қосымшада WIFI PMC-0515 желісіне қосылуға сұраныс пайда болады



«+» және «-» түймелерін бір мезгілде басып тұрыңыз



Қалаулы іс-әрекетті таңдаңыз: «Конфигурацияны қалдыру және жалғастыру», немесе «Құрылғыны қайта конфигурациялау»

ЗАУЫТТЫҚ БАПТАМАЛАРҒА ОРАЛУ

- Аспапты іске қосыңыз. Үш реттік дыбыс сигналына дейін «+» және «-» түймелерін бір уақытта басып, ұстап тұрыңыз.
- Құрылғы зауыттық баптауларға қайтарылды.



ҚОЛДАНБАНЫҢ ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАРЫ

1) Кейінге қалдырылған старт

"POLARIS: IQ Home" мобильді қосымшасын пайдалана отырып, WIFI арқылы мультипісіргішті басқарған кезде, сіз бастауды кейінге қалдырып, белгіленген уақыттан кейін немесе белгіленген уақытта тағамды дайындауға болатын мүмкіндікті пайдалана аласыз.

Бұл үшін «Салыстырмалы» және «Абсолютты» параметрлері қарастырылған.

- "Салыстырмалы" кейінге қалдырылған старт белгіленген уақыттан кейін тағамның дайын болатынын білдіреді.
- «Абсолюттік» кейінге шегерілген старт – тағам дайын болатын уақытты орнату үшін пайдаланылады.

2. Пісіру режимін таңдау

Функция әртүрлі тағамдар үшін оңтайлы жылыту параметрлерін орнатуға мүмкіндік береді. Құрылғы таңдалған режимге байланысты температура мен жұмыс қарқындылығын автоматты түрде таңдайды. Бұл пісіруге жеке көзқарасты қамтамасыз етеді және қыздыруды қолмен реттеудің қажеті жоқ ең жақсы дәмдік нәтижеге қол жеткізуге көмектеседі.

3. Рецепттер базасы

Қосымшадан тағам дайындаудың әрбір қадамының егжей-тегжейлі сипаттамасын қамтитын автоматты рецепттер базасы қолжетімді. Рецептердегі қадамдардың бір бөлігі автоматты, ал бір бөлігі пайдаланушының қатысуын қажет ететінін (мысалы, қажетті өнімдерді хабарлау) және оларды іске қосу үшін қосымшадағы тиісті түймені басу керек екенін ескеру қажет.

4. Пайдаланушының дербес рецептілері

Пайдаланушы «Менің рецептім Plus» режимінің бірнеше қадамынан тұратын өзінің жеке рецептін сақтап қоя алады. Бұл үшін қосымшада «Менің рецептім Plus» режимін іске қосыңыз және, «Қадамды қосу» түймесін басып, қажетті температура мен қадамның уақытын белгілеңіз. Әр келесі қадамды қосу үшін «Қадамды қосу» түймесін басыңыз. Реттілікті құрғаннан кейін «Сақтау» түймесін басыңыз және оған Сіздің рецептіңіздің атауын беріңіз. Осылайша құрастырылған рецепттер қосымшада «Жеке» мәзірінде сақталатын болады. Сіз IQHome желісінің мультипісіргішінің кез келген басқа пайдаланушысымен кез келген ыңғайлы тәсілмен (пошта, мессенджер, sms, әлеуметтік желілер және т. с. с.) осы рецептпен бөлісе аласыз. Ол үшін таңдалған жеке рецепт түймесін басып, оны пайда болған "Бөлісу" белгішесіне тартыңыз.

5. Қыздыру режімі

Режим дайын тағамдарды пісіргеннен кейін немесе дастарханға қойғанға дейін жылы күйде ұстауға арналған. Бұл режимде мультипісіргіш автоматты түрде қауіпсіз температураны сақтайды, бұл тағамды қайта пісірмей-ақ салқындатуға жол бермейді. Дайын тағамдарды қысқа мерзімді сақтау үшін режимді пайдалану ұсынылады, ұзақ уақыт пайдалану құрғап кетуіне немесе дәмінің өзгеруіне әкелуі мүмкін.

6. «Балалардан қорғау» функциясы

«Балалардан қорғау» функциясын таңдап, Сіз дыбыстық сигнал естисіз. Мультипісіргіштегі барлық түймелер бұғатталады және оларды басқан кезде ешқандай функцияларды орындамайды. Түймелерді басқан кезде, дыбыстық сигнал естіледі.

7. Құрылғыдағы дыбысты өшіру мүмкіндігі

8. Құрылғыға қатынау құқығын бақылау

Құқықтарды бақылауды іске қосу үшін Сіз қосымшадағы құрылғы бетіне өтіп, жоғарғы оң жақ бұрыштағы параметр таңбасын («жұлдызша») басып, «Құқықтарды басқару» тармағын таңдап, «Құқықтарды басқаруды қосу» қосқышын «Қосылған» күйіне ауыстыруыңыз керек. Осыдан кейін Сіз автоматты түрде оған толық қол жетімділік құқығы бар құрылғы әкімшісі боласыз, барлық басқа пайдаланушылар «Қарап шығу» кіру деңгейіне ие болады. Сіз әр пайдаланушы үшін жеке кіру деңгейін анықтай аласыз. Құрылғыны басқару функциясын іске қосқаннан кейін құрылғыға қосылатын барлық жаңа пайдаланушылар «Қарап шығу» кіру деңгейіне ие болады және құрылғыны Сіз немесе аспаптың басқа әкімшісі осы пайдаланушыға тиісті басқару құқығын бергенге дейін басқара алмайды.

9. Құрылғымен бөлісу мүмкіндігі

Сіз өзіңіздің құрылғыңызды басқаруды Polaris IQ Home қосымшасы орнатылған кез келген адаммен жай ғана бөлісе аласыз. Бұл үшін Сізге қосымшадағы құрылғы бетіне кіріп, оң жақ жоғарғы бұрыштағы баптау символына («жұлдызша») басу, «Құқытарды бақылау» тармағын таңдау және оң жақ жоғарғы бұрыштағы «Бөлісу» символына басу қажет. Содан кейін Сіз экранда осы құрылғының QR кодын көресіз.


Қабылдаушы тарап осы QR-кодты сканерлеу үшін қосымшаның басты экранындағы "Жаңа құрылғы" түймесін басып, пайда болған терезеде сканердің жоғарғы оң жақ бұрышындағы пиктограмманы басуы керек. Содан кейін телефон камерасын жіберетін тарап ұсынған QR кодқа бағыттау қажет және жүйе берген сыбырларды орындау керек.

QR кодты кез келген ыңғайлы әдіспен жіберуге болады: пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер. Аспаптың QR коды аспапта Reset режимі іске қосылғанша өзгеріссіз қалады. Reset-тен кейін ескі QR коды енді әрекет етпейді.

10. Қосылу күйін мониторингтеу

Аспап баптауларында тиісті түймені басып, желінің барлық учаскелеріндегі қосылу сапасын бағалауға және ұсыныстар алу мен қосымша баптаулар жүргізуге арналған әмбебап көмекшіні іске қосуға болады.

11. Қолдау қызметімен байланысу. "Профиль/Қолдау/Кері байланыс" арқылы өтіп, өз хабарламаңызды қалдыру қажет



Оң жақ жоғарғы бұрыштағы баптау символына («жұлдызша») басыңыз

«Құқықтарды бақылау» мәзіріне көшу керек

Оң жақ жоғарғы бұрыштағы бөлісу белгісіне басыңыз

QR-кодты кез келген ыңғайлы тәсілмен таратуға болады

WIFI ҚОСЫЛЫСЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

Мәселе	Себебі	Жою тәсілі
Аспап WiFi роутерге қосыла алмайды	Қосу процесінде іркіліс орын алады	a) Сіздің аспабыңыз қолданбада қолданылатынына көз жеткізіңіз: қолданбаның басты мәзірінде «аспапны қосу» түймесін басыңыз және «Барлық аспаптар» тізімін ашыңыз; b) Сіздің роутеріңіз 2,4 MHz жиілікте жұмыс істейтініне, желі режимі 802.11 b/g/n, желінің атауында орыс әріптері мен қызметтік символдар (%;/? және т.б.) жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Роутерді баптау үшін, өз роутеріңіздің нұсқаулығын қараңыз; c) Сіздің роутеріңіз кіріс қосылуларға қосымша шектеулер (мысалы, тек қана көрсетілген MAC-мекенжайларды қосу) қоймайтынына көз жеткізіңіз. Роутерді баптау үшін өз роутеріңіздің нұсқаулығын қараңыз. d) Сізде бағдарламаның соңғы нұсқасы орнатылғанына көз жеткізіңіз; e) Алғашқы рет іске қосқанда телефонда VPN және жарнаманы бұғаттаушыларды сөндіріп қойыңыз, егер орнатылған болса. Егер Сізде Iphone болса, баптаулар/Bluetooth мәзіріне кіріңіз және триггерді «сөндірулі» жайғасымға ауыстырып-қосыңыз. Бұған қоса мұны экранда тартылатын «пердеде» емес, дәл баптауларда жасау маңызды болады. Қосқаннан кейін барлық аталған бағдарламалар мен режимдерді қайта іске қосуға болады.
		f) Бағдарламаны телефон жадынан жүктеңіз және тағы бір рет іске қосыңыз: телефондағы ашық қосымшалардың тізімін ашыңыз және Polaris IQ Home бағдарламасының іске қосылған терезесін жоғары қарай жылжытыңыз, содан кейін бағдарламаны қайталап іске қосыңыз және қосу процесін қайталаңыз; g) Қосымшаға барлық сұраған рұқсаттарды беру қажет. h) Аспапты диагностикалау режимін қосыңыз – Тұтынушы нұсқаулығындағы «Қосуды баптау» тарауын қараңыз; i) Аспап баптауларын жоюды жүргізіңіз (Reset) - Тұтынушы нұсқаулығындағы «Қосуды баптау» тарауын қараңыз;
Аспап WiFi роутерге қосыла алмайды	Қосылу сәтті орындалған, құрал қолданбадағы құралдар тізімінде көрсетілді, алайда оны басқару қолжетімсіз.	Сіздің телефоныңыз WiFi желісіне кері қайта қосылуды орындағанына көз жеткізіңіз. Бұл үшін телефонның WiFi баптаулары тарауын ашыңыз және қажеттілік болғанда, өз WiFi желіңізге қолмен қосылыңыз.
	Аспап іске сәтті қосылған, алайда қолданбадағы пәрмендерге әрекет етуін кенет тоқтатқан.	Құралдың бетіне кіріңіз және оң жақ жоғарғы бөлігіндегі жұлдызшаға басыңыз. Содан кейін «Қосылысты диагностикалау» тараудағы диагностикалау диаграммасымен танысыңыз. Желінің қызыл түсті учаскенің қасындағы леп белгісіне басыңыз және интерактивті көмекшінің нұсқауларын қолданыңыз.
Аспап панеліндегі түймелерді басуға аспап әрекет етпейді	Кездейсоқ басудан қорғау функциясы іске қосылған («Балалардан қорғау»)	Қорғаныста қолданбада, немесе аспаптың панелінен ажыратыңыз

Өзіңіздің мәселеңіздің шешімін таппадыңыз ба?

Қосымша ақпаратпен танысыңыз немесе веб-сайтымыздағы «Ақылды үй» бөлімінде немесе қолданбадағы «Профиль/Көмек (қолдау)» мәзірінен қолдау қызметіне хабарласыңыз.

АСПАПТЫ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ ЖАСАУ

- Дайындауды аяқтағаннан кейін мультипісіргішті ылғи тамақ қалдықтары мен ластанулардан тазалап отырыңыз.
- Аспапты тазарту алдында оның желіден өшкеніне және толықтай суығанына көз жеткізіңіз.
- Мультипісіргіштің ластанған бөліктерін тазалау үшін абразивті материалдарды, металл сымы бар щеткаларды және еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Аспап корпусын суға батырмаңыз Корпусты тазалу үшін ылғал ысқышты немесе матаны пайдаланыңыз.
- Ыдыстың қабырғалары мен түбінде құрғаған тамақ қалдықтар болса, абразивті заттарды пайдаланбаңыз. Ыдыста буда пісіру режимінде 15-20 минут уақытта қойып, қақпағын жауып және қыздыру режиміне автоматты түрде өтуді өшіріп, 0,5 л суды қайнатыңыз ("Басқару панелі" және "Аспапты пайдалану" бөлімдерін қараңыз). Бағдарлама аяқталғаннан кейін аспапты желіден өшіріңіз де, қақпағын ашпай, судың жылы күйге дейін салқындағанын күтіңіз. Сосын қақпақты ашыңыз, ыдысты алыңыз, суын төгіңіз де, тамақ қалдықтарын жылы сабынды сумен белсенді жуғыш заттар мен абразивтерді қолданбай, жұмсақ жуғышпен, жеңіл басу арқылы бірден жуыңыз. Сосын тостағанды таза сумен шайыңыз, жұмсақ матамен немесе шүберекпен құрғатып сүртіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: тостаған жуатын машинада тостағанды жуған кезде қорғалмаған алюминий беттерде қара дақтанған қақтың пайда болуы және түсінің өзгеруі мүмкін.


- Жабыны бар алюминийден жасалған тостағанның бүлінуіне жол бермеу үшін тостаған жуатын машина жөніндегі нұсқаулықты және қолданылатын жуғыш құралдардың сипаттамасын басшылыққа алыңыз.
- Бу шығаруға арналған тесіктің бітелуіне жол бермеңіз. Бу бөлгіш клапанның алынбалы құрастырылымы бар, бітеліп қалуға жол бермеу үшін оны үнемі сумен жуып-шайып отырыңыз.
- Әр дайындағаннан кейін аспаптың бүйірлік қабырғасында орналасқан конденсат жинағышты шешіп алу және босату қажет. Оны жуып-шайыңыз, құрғатыңыз және орнына орнатыңыз.
- Араластыру үшін тек қана ағаш қалақшаны немесе аспаппен жиынтықта жеткізілетін арнайы пластмасса қасықты пайдаланыңыз.
- Тостағанға сіркесу құймаңыз, бұл оны бүлдіруі мүмкін.
- Біраз уақыт өткеннен кейін сумен және жуғыш заттармен түйісуден ішкі тостағанның түсі өзгеруі мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс, сондықтан мультипісіргіш қауіпсіз әрі қарай пайдаланылуы мүмкін.
- Тазалау үшін қажақ заттарды ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.



Аспапты желіден ажыратыңыз және оның толық суығанын күтіңіз



Корпусты жұмсақ матамен сүртіңіз



Тостағанды және аксессуарларды жылы сабынды сумен жуып-шайыңыз



Аспапты суға және басқа сұйықтықтарға батырмаңыз

ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ


- Аспаптардың тасымалдануы көліктің барлық түрлерімен жүктердің нақты түрдегі көлікте қолданылатын тасымалдану ережелеріне сәйкес жүргізіледі.
- Аспапты тасымалдағада зауыттық түпнұсқа қаптаманы пайдаланыңыз.
- Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.
- Аспаптар жабық құрғақ және таза үй-жайда қоршаған ауаның температурасы плюс 5°С төмен емес және плюс 40°С жоғары емес салыстырмалы ылғалдылығы 70% жоғары болмағанда және қоршаған ортада электр аспаптарының материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа да булар болмаған кезде сақталады.

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ТАЛАПТАРЫ

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.



Назар аударыңыз! Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Одан әрі кәдеге жарату үшін, оны мамандандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осылай қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.



Сіздің аспабыңызды пайдалану кезінде өрттің, электр токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін, осы аспаппен жұмыс істеген кездегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электр аспаптымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқауларды қатаң сақтаңыз.

ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспапты пайдалану «Тұтынушылардың электр қондырғыларды техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аспап тек қана тұрмыста пайдалануға арналған.
- Аспап тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.
- Осы аспап денелік, жүйкелік немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құралды пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда. Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.
- Осы аспапты пайдалануды бастар алдында, пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.
- Аспапты іске қосар әр кезде оны қарап тексеріп шығыңыз. Егер аспап пен желілік баусым зақымдалса, ешқандай жағдайда аспапты розеткаға қоспаңыз.
- Аспап құлағаннан кейін, көзге көрінетін зақымдану белгілері болса, оны пайдалануға болмайды. Аспапты пайдаланар алдында, оны білікті маман тексеруі керек.
- Аспап пен желілік баусым олар ыстықтың, тікелей күн сәулесінің және ылғалдың әсеріне түспейтіндей сақталуы тиіс.



Назар аударыңыз! Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз.

- Ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз. Аспапты дымқыл қолмен ұстамаңыз. Аспап суланған жағдайда, оны лезде желіден ажыратып қойыңыз.
- Аспап суға түскен жағдайда, оны тез арада желіден өшіріңіз. Бұл жағдайда қолыңызды суға түсірмеңіз. Аспапты қайталап пайдаланар алдында, оны білікті маман тексеруі керек.
- Аспапты тек қана айнымалы ток (~) көзіне қосыңыз. Қосар алдында аспапты желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- **Кез келген қате қосу Сізді кепілді қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Аспап тек қана жерге тұйықталуы бар желіге қосылуы мүмкін. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін, жерге қосу белгіленген электр стандарттарына сәйкес келуі керек. Бейстандартты қуат көздерін немесе қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Аспапты үй-жайлардан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты үшкір бұрыштарға соғылудан сақтаңыз. Пайдалану аяқталған кезде, аспап сынғанда немесе тазалау кезінде, оны үнемі желіден өшіріңіз.
- Аспапты, оның желілік баусымынан ұстап, желіден ажыратуға тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда штепсельдік айырдан ұстаңыз.
- Жинақтың құрамына кірмейтін қосымша аксессуарларды пайдалану сіздің кепілдік құқығыңыздан айырады.
- Пайдаланғаннан кейін электрқорек баусымын ешқашан аспапты айналдыра орамаңыз, өйткені уақыт өте бұл сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау уақытында сымды әрқашан тегістеңіз.
- Аспапқа өздігіңізден жөндеу жүргізбеңіз. Жөндеуді тек сервистік орталықтың білікті мамандары жүргізуі керек.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.

МУЛЬТИПІСІРГІШПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Аспапты қолданғанда оның айналасында жеткілікті бос орын бар екендігіне көз жеткізіңіз. Аспап жиһаз, перделер және басқ. өртке қауіпті объектілерден кем дегенде 15 см қашықтықта орналасуы керек.
- Аспапты қабырғалар мен жиһазға тікелей жақындықта жайғастырмаңыз, өйткені жұмыс кезінде аспаптан бу шығады, бұл жиһаз заттарының және қабырғалар жабынының түсінің өзгеруі мен деформациялануына әкелуі мүмкін.
- Жұмыс барысында мультипісіргішті сүлгімен немесе басқа заттармен бүркемеңіз, бу еркін шығуы керек.
- Аспапты пайдаланғанда оны құрғақ тегіс жылуға төзімді бетке орнатыңыз, аспап түбіндегі желдеткіш тесіктердің бөгде заттармен, дастарқандармен, маталы жабындармен немесе тағы бірдеңемен жабылуына жол бермеңіз, өйткені бұл артық қызып кетуге әкелуі мүмкін.
- Алғашқы пайдаланар алдында бөгде иістерді жою үшін мультипісіргіште тостағанды жартылай толтырып 30 минут ішінде температуралық режимде («Бумен пісіру») суды қайнатып алу ұсынылады.
- Ішкі тостаған орнатылмаған мультипісіргіште бағдарламалардың орындалуын іске қоспаңыз, бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде тостағанды мультипісіргіштен алып шықпаңыз.
- Мультипісіргішті жылу көздерінің (газ немесе электрлік пештер) жанында қолданбаңыз.
- Күйіп қалуға жол бермеу үшін жұмыс істеп тұрған аспапқа қол тигізбеңіз. Пайдалануды айяқтағаннан кейін мультипісіргішті сытып алыңыз.
- Аспапты желіге қосар алдында кернеуді тексеріп алыңыз.
- Егер тамақ дайындамайтын болсаңыз, электрлік аспапты желіге қосылған күйде қалдырмаңыз.
- Аспапты желіден ажыратар алдында ол күту режимінде екендігіне және бағдарлама іске қосылмағанына көз жеткізіңіз.
- Электр желісіне қосылып тұрған аспапты ешқашан көтермеңіз/жылжытпаңыз.
- Ішкі тостағаны азық-түлікке толған аспапты тасымалдамаңыз.
- Мультипісіргіш жұмыс істеп тұрған кезде ішкі тостағанға қол тигізбеңіз.
- Тостағандың ішкі бетін тықылдатпаңыз, оны күш салып тазартпаңыз және аспапты тазалу үшін қажақ тазартқштарды және жемір жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.
- Араластыру үшін немесе тостағандан азық-түлікті алып шығу үшін металл керек-жарақтарды пайдаланбаңыз, олар күюге қарсы жабынды бүлдіруі мүмкін. Ағаш, пластик немесе силиконды керек-жарақтарды пайдаланыңыз.
- Дайындау барысында асүйлік керек-жарақтарды тостағанда қалдырмаңыз.
- Нығыздағыш сақинасы жоқ немесе бүлінген мультипісіргішті пайдаланбаңыз. Нығыздағыш сақинаны ауыстыру үшін авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.
- Азық-түлікті немесе суды мультипісіргіште ұзақ уақытқа қалдырмаңыз.
- Тостағанды азық-түлікпен максималды деңгей белгісінен жоғары толтырмаңыз.
- Тостағанға сіркесу құймаңыз, бұл жабынды бүлдіруі мүмкін.
- Тағамды мультипісіргіштен тыс пісіру үшін мультипісіргіш тостағанды пайдаланбаңыз, оны плитада және басқа жылу көздерінде қыздырмаңыз.

- Тостағанды араластыруға арналған сыйымдылық және азық-түлік сақтауға арналған контейнер ретінде пайдаланбаңыз.
- Аспапта тек қана штатты ақаусыз тостағанды пайдаланыңыз.
- Мультипісіргіш тостағанын басқа тостағанға немесе басқа мультипісіргіш тостағанына ауыстырмаңыз. Аспапта ақаулы (деформацияланған) остағанды немесе ішкі жабыны бүлінген тостағанды пайдаланбаңыз.
- Алмалы-салмалы тостаған мен ішкі корпустың арасында, сонымен қатар тостағанның түбі мен қыздырғыш элемент арасында ешқандай бөгде заттар, қабаттар немесе өнім қалдықтары болмауы керек.
- Жарма дайындағанда тостағандағы жарма мен судың ұсынылған арасалмағын сақтаңыз.
- Біраз уақыт өткеннен кейін сумен және жуғыш заттармен түйісуден ішкі тостағанның түсі өзгеруі мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс, сондықтан мультипісіргіш қауіпсіз әрі қарай пайдаланылуы мүмкін.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген мақсатта нәтижесінде туындаған шығын үшін жауапкершілік алмайды.



Жұмсақ бетке қоймаңыз. Аспапты тек қана қаттыға қойыңыз



Аспапты сыртқы төтенше әсерлерге ұшыратпаңыз



Мультипісіргішті жылу көздерінің (газ немесе электрлік пештер) жанында пайдаланбаңыз



Жұмыс кезінде аспапты ештеңемен жаппаңыз.



Жұмыс кезінде аспапты бақылаусыз қалдырмаңыз



Деформацияланған тостағанды ЕШҚАШАН пайдаланбаңыз



Аспапты бассейндер, ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз



Аспапты кез келген соққылардан сақтаңыз

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Мәселе	Себебі	Жою тәсілі
Жұмыс индикаторы жанбайды, қыздырғыш элемент жұмыс істемейді	1. Электрқорек мәселесі 2. Термиялық сақтандырғыштың артық қызу салдарынан істен шығуы (бөгде заттармен немесе жабынмен корпустың желдеткіш тесіктері жабылған - пайдалану талаптарының бұзылуы). 3. Электрониканың ақаулығы	• Аспаптың желіге қосылғанын тексеріңіз • Аспап корпусындағы жалғағышпен желілік шнурды байланыстырудың сенімділігін тексеріңіз. • Авторизацияланған сервистік орталыққа көмек алу үшін жүгініңіз
Индикатор жанып тұр, қыздырғыш элемент жұмыс істемейді	Электроника ақаулығы, қыздырғыш элементтің ақаулығы.	Авторизацияланған сервистік орталыққа көмек алу үшін жүгініңіз
Тағам өте ұзақ дайындалады	1. Желіден қуаттандыру жоқ	Аспаптың желіге қосылғанын тексеріңіз
	2. Қыздырғыш элемент ақаулы	Авторизацияланған сервистік орталыққа көмек алу үшін жүгініңіз
	3. Мультипісіргіштің ішкі тостағаны қисық орнатылған немесе деформацияланған, немесе модельге сәйкес келмейді.	Ішкі тостағанды тексеріңіз, оның дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Деформацияланған тостағанды модельге сәйкес келетін бүтініне ауыстырыңыз.
	4. Қыздырғыш тілімше мен кәстрөл арасында бөгде зат (ластану) бар.	Бөгде затты (ластануды) жойыңыз
Дисплейде қателік кодтары көрсетіледі	Термодатчик тізбегінің ақаулығы немесе артық қызу	1. Мультипісіргішті суытыңыз 2. Егер мәселе суық аспапта пайда болса, көмек алу үшін авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз

Назар аударыңыз! Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS авторландырылған сервистік орталығына хабарласуды сұраймыз.

ЖИЫНТЫҚТАМА

Аспап	1 дана.
Қуат баусымы	1 дана.
Күюге қарсы жабыны бар ішкі табақша	1 дана.
Бумен пісіруге арналған контейнер	1 дана.
Жалпақ қасық	1 дана.
Ас қасық	1 дана.
Өлшеуіш стақан	1 дана.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық
Рецепттер кітабы
Кепілдік талоны
Қаптама (полиэтилен пакет + қорапша)



ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PMC 0515 WIFI IQ Home - Polaris сауда маркасының тұрмыстық электрлік мультипісіргіші
Кернеу: 230 - 240 В
Жиілігі: ~50 Гц
Қуаты: 1050 Вт
Тостағанның жалпы көлемі: 5 л

Ескертпе: Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді. Нұсқаулықтың соңғы нұсқасын сіз www.polaris.ru сайтынан таба аласыз.

Өндіруші алдын ала ескертусіз бұйымның құрастырылымына және жиынтықтамасына құрастырылымын немесе өндіріс технологиясын жетілдіру бойынша жұмыстардың нәтижесі болып табылатын өзгерістерді енгізуге құқылы. Қажеттілік болған жағдайда пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың өзекті нұсқасын сатып алу үшін сатып алушы өндірушіге немесе өндіруші уәкілеттік берген тұлғаға жүгінуі мүмкін.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», сонымен қатар КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.
Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.

Бұйымның қызмет ету мерзімі: 3 жыл
Кепілдік мерзімі: 3 жыл

«Бұйым құрамына табиғи тозуға бейім және/немесе шектеулі қызмет ету мерзімі бар және оларың ресурстары аяқталғаннан кейін тегін ауыстырылуға жататын құрамдас бөлшектер кіреді. Осы құрамдас бөлшектерге Өндіруші шектеулі кепілдік береді. Бұл тауарда осындайлар болып табылады:
Пультипісіргіштің тостағаны, тостағанның ішкі жабынына кепілдік мерзімі - сатып алынған күннен 6 ай.
Пайдалану ережелерін сақтағанда ішкі тостағанның қызмет ету мерзімі - 3 жыл.
Өндірілген күні аспапта көрсетілген.

Дайындаушы: НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД, № 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Цыси, Провинция Чжэцян, ҚХР
MANUFACTURER: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED, No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

Импорттаушы және РФ мен Кедендік Одақтың мүше мемлекеттеріндегі өндірушінің уәкілетті өкілі: «ЭйДжиАй Электроникс» ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат, I- үй-жай, 13-бөлме
Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефоны: 8-800-700-11-78

Зауытта: GUANGDONG ENAITER ELECTRICAL APPLIANCES CO., LTD- ГУАНДУН ИНЕЙТЕР ЭЛЕКТРИКАЛ АППЛАЙАНСЕС КО., ЛТД

No.5, Donghai Road, Dongfeng Town, Zhongshan City, Guangdong, China - №.5, Донгхай Роуд, Дунфен таун, Чжуншан қаласы, Гуандун, Қытай
Қытайда өндірілген.

КЕПІЛДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Тұрмыстық электрлік мультипісіргіш
Модель: PMC 0515 WIFI IQ Home

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 36 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Кедендік одақтың мүше мемлекеттерінің Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым тек жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін сатып алынады. Бұйым қауіпсіздік ережелері мен талаптарын сақтау арқылы Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкестікте пайдаланылуы қажет.
3. Осы кепілдік бойынша өндірушінің міндеттемелерін сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсету (сервистік) орталықтары орындайды. Осы кепілдік өндірушімен уәкілетті етілмеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға таралмайды, олар Ресей заңнамасына сәйкес тұтынушы алдында өздігінен жауап береді.
4. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін келесі туындаған ақаулар мен сыртқы өзгерістерге қолданылмайды:
    - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;
    - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;
    - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттнің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
    - Құрамында минералды заттар көп мөлшерде болатын суды пайдалану салдарынан әк шөгіндісі, су тасы мен қақ шөгінділері;
    - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
    - Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуынан;
    - Авторланған сервис орталықтары* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеу;
    - Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларына.

5. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, өндіруші кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.

6. Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсәптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз!! Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз.
POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS авторланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

*Авторландырылған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: www.polaris.ru

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.
Мұндай құжаттар болып POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар табылуы мүмкін.
Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.